

"Қазақ КСР-інде Ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" және "Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді несиелеу және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының орындалуы жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 7 қыркүйектегі N 143-ХІІІ қаулысын іс жүзіне асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 6 қазан 1994 ж. N 1118. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 7 қыркүйектегі N 143-ХІІІ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыс әкімдері республиканың басқа да министрліктерімен, комитеттерімен, банктерімен, компанияларымен және ведомстволарымен бірлесіп ауыл шаруашылығындағы дағдарыс жағдайынан шығуға, көп укладты село экономикасын және нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыруға, аграрлық өнеркәсіптік кешенді тұрақты түрде дамыту мен халықты азық-түлікпен жабдықтауды жақсарту үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған қосымша шаралар қабылдайтын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстарды комитетімен, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясымен, "Астық", "Тағам", "Асыл" және "Тоған" мемлекеттік

акционерлік компанияларымен бірлесіп:
мемлекеттік ресурстар үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатып
алуды ынталандыратын дайындау жүйесін;
село халқын ауызсумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі шараларды;
- республикада ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарқын қалыптастыру;
- республиканың шөл және шөлейт шалғай аудандарындағы ауыл
шаруашылығының тауар өндірушілерін қолдау;
- мал тұқымын асылдандыру ісін, тұқым шаруашылығын дамытуды
ынталандыру, жануарлар мен өсімдіктердің жинақталған ендік қорын сақтау мен
к ө б е й т у ;
- шаруа қожалықтарын дамыту бағдарламаларын іс жүзіне асыруда "Агро"
Қазақстан фермерлерінің ассоциациясына практикалық көмек көрсету жөніндегі
ш а р а л а р д ы ;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Ауыл шаруашылығы
министрлігіне, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне, Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне, Қаржы
министрлігіне, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясына, "Кең дала",
"Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компанияларына, басқа да мүдделі
мемлекеттік акционерлік және холдинг компаниялары мен Қазтұтодағына (
келісім бойынша) ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерін мұнай
өнімдерімен және босалқы бөлшектермен бірінші кезекте қамтамасыз ету,
сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу жүйесі арқылы және
фьючерлік контрактілер мен кепілдікке тапсыру негізінде село халқын көмірмен,
газбен және аса қажет халық тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету тетігін
әзірлеп, 1994 жылдың 15 қарашасына дейін Үкіметтің бекітуіне ұсыну
т а п с ы р ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі,
Ауыл шаруашылығы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі:

шетел кредиттерін бірінші кезекте "Агроөнеркәсіп кешенінің салалары үшін
шетелдік технологияларды, техника мен басқа да өнімдерді сатып алуды ретке
келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы
29 желтоқсандағы N 1312 қаулысында (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1993
ж., N 50, 606-бап) белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңа
прогресшіл технологияларды, машиналарды, өсімдіктердің сорттары мен
жануарлардың тұқымдарын енгізуге бағыттайтын болсын;

қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне
белгіленген тәртіппен импортқа және экспортқа шығарылған ауыл
шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнімдеріне кеден баж салықтарының

мөлшерлерін қайта қарау жөнінде, сондай-ақ сыртқы экономикалық байланыстарды ырықтандыру, республиканың тауар өндірушісі мен ауыл шаруашылығы нарқын қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерін квоталау мен лицензиялау тәртібі жөнінде ұсыныстар енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі мен "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" Қазақ КСР-і Заңын орындау мақсатында село, автомобиль жолдары құрылысы мен оны ұстауды қамтамасыз ету туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 20 маусымдағы N 386 қаулысында (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 15, 98-бап) бекітілген тәртіппен барлық село жолдарын, "Қазақстан жолдары" компаниясының балансына беру жөніндегі "Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік басым дамыту туралы" Заңның 16-бабының орындалуын қамтамасыз етіп, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылғы 22 тамыздағы N 334 өкімімен құрылған осы Заңның жаңа редакциясының жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияға тиісті ұсыныстар енгізетін болсын.

5. Нарықтық реформаларды жүзеге асыру мәселелерінде аграрлық-өнеркәсіптік кешен жүйесінде мемлекеттік басқару ролін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен жергілікті ауыл басқару органдарына жеке меншік және басқа да меншік нысандарының негізінде жаңа өндірістік қатынастарды дамыту, ғылыми-техникалық прогресті ендіру, кәсіпкерлікті, бизнесті, шаруа қожалықтарын және басқа да мемлекеттік емес шаруашылық жүргізу түрлерін қолдау, маркетингтік және сыртқы экономикалық қызмет бағдарламаларын жүзеге асыру, бұларға қатысты мемлекеттік бақылау қызметін жүзеге асыру жөнінде бірыңғай саясат жүргізуде аграрлық-өнеркәсіптік кешен қызметін үйлестіру жөніндегі міндеттерді шешу жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру және оларды өндіріске жылдам енгізу мақсатында бюджеттердің жобаларында жыл сайын Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясын қаржыландыруды қ а р а с т ы р а т ы н б о л с ы н .

7. Облыс әкімдері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Халыққа білім беру министрлігімен, Мәдениет министрлігімен бірлесіп:

селода денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет объектілерін қысқы маусымда жұмыс істеуге әзірлеу үшін шұғыл шаралар қабылдасын;

село халқын және әлеуметтік сала объектілерін отынмен қамтамасыз етуге, оқушыларды тамақтандыру және оларды мектептер мен интернаттарға жеткізу жүйесін жақсартуға ерекше назар аударсын;

селолық жерлерде тұратын зейнеткерлерге әлеуметтік төлемдерді дер уақытында беру жөнінде кезек күттірмес шаралар қабылдасын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджетте көзделген астық сатып алуға арналған қаржының бөлінуін жеделдетсін.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қаржы министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Ұлттық Банкпен бірлесіп мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алу жөніндегі есеп айырысуларды аяқтау үшін қосымша қаржы қаражаттарының көздері туралы ұсыныстар енгізісін.

Ауыл шаруашылығының жиын-терін жұмыстарын аяқтау үшін бөлінген кредит ресурстарын бірінші кезекте ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбек ақы жөніндегі берешегін өтеуге бағыттау қажет деп саналсын.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі Ұлттық Банктің келісімімен ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау институтын құру туралы ұсынысты әзірлеу кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне байланысты сараланған ставкалар бойынша болашақтағы астық және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелеу тұрғысында тікелей бюджеттік дотацияларды, форвардтық мәмілелерді үйлестіру қажеттігін ескеретін болсын.

11. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің және Қаржы министрлігінің келісімімен теңге курсының АҚШ долларына қатысты өзгеруін негізге ала отырып, мемлекет мұқтажы үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуда есеп айырысу кезінде баға қолдану тәртібін әзірлейтін болсын.

12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясымен, басқа да мүдделі министрліктермен, комитеттермен және ведомстволармен бірлесіп "Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" Заңның келісілген жаңа редакциясының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1994 жылдың 25 қазанына дейін ұсынатын болсын.

13. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қазақ акционерлік коммерциялық аграрлық-өнеркәсіптік банкі, Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері, комитеттері мен

ведомстволары, облыс әкімдері осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1995 жылдың 1 ақпанында мәлімдесін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіне Үкіметке осы мерзімде хабарлама жасау ұсынылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - м и н и с т р і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК